

## **«ҚазТрансОйл» АҚ жастар саясаты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Жарғысына, сондай-ақ Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және жас жұмыскерлермен жұмысты ұйымдастыруға бағытталған.

2. Осы Саясат жастар саясаты саласындағы бірыңғай негізді, қағидаттар мен міндеттерді айқындайтын құжат болып табылады.

### **2. Саясаттың мақсаты**

3. Осы саясаттың мақсаты Қоғамның жас жұмыскерлерінің жан-жақты дамуы, табысты кәсіби іске асырылуы үшін әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау және олардың әлеуетін Қоғамның одан әрі дамуына бағыттау болып табылады.

### **3. Терминдер мен анықтамалар**

4. Осы Саясаттың мақсаттары үшін мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылды:

1) Жас жұмыскер - жиырма тоғыз жасқа толмаған, Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлға;

2) Қоғамның Жастар ісі жөніндегі кеңесі - Қоғамда жастар саясатын іске асыру жөніндегі мәселелерді алқалы талқылау және шешу үшін құрылатын консультативтік-кеңесші орган;

3) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың Жастар ісі жөніндегі кеңесі – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарында жастар саясатын әзірлеу мен іске асыру жөніндегі мәселелерді алқалы талқылау және шешу үшін құрылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың консультативтік-кеңесші органы.

#### **4. Саясаттың қағидаттары**

5. Осы Саясаттың негізгі қағидаттары:

- 1) ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастар мен жас жұмыскерлердің мүдделері мен қажеттіліктерін тану;
- 2) барлық жас жұмыскерлердің күшін біріктіру;
- 3) озық әлемдік тәжірибені пайдалану.

6. Негізгі қағидаттарды сақтау осы Саясатқа бірізділік, тұтас сипат береді және қажетті тарихи сабақтастықты қамтамасыз етеді, оның негізгі міндеттерін іске асыруда бірыңғай әдістеме мен бағдарлар жасайды.

#### **5. Саясаттың міндеттері**

7. Осы Саясаттың негізгі міндеттері:

- 1) кәсіптік оқыту/жастардың біліктілігін арттыру;
- 2) бейінді оқу орындарымен өзара іс-қимыл жасау, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде студенттердің өндірістік практикадан өтуін ұйымдастыру;
- 3) тағылымдамадан өтуші ретінде Қоғамның серіктес оқу орындарының үздік түлектерін қабылдау;
- 4) жас жұмыскерлердің екі жылдық жеке даму жоспарларын әзірлеу және олардың орындалуына мониторинг жүргізу;
- 5) жас жұмыскерлермен жұмыс, олардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру;
- 6) жастарды патриоттық тәрбиелеу;
- 7) тәлімгерлік институтын дамыту;
- 8) жастардың Қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасау, жас жұмыскерлердің қатысуымен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу;
- 9) жас жұмыскерлерге мансаптық өсу және әлеуметтік кепілдіктер мүмкіндігін беру;
- 10) Қоғамның Жастар ісі жөніндегі кеңесі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жастар ісі жөніндегі кеңесінің өзара іс-қимылы арқылы осы саясатты іске асыру аясында жастарға және іс-шараларға қатысты мәселелер бойынша жас жұмыскерлердің шоғырландырылған пікірін қалыптастыру;
- 11) құқықтық мәдениетті және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру;
- 12) спортты және салауатты өмір салтын насихаттау;
- 13) жас жұмыскерлер арасында корпоративтік мәдениетті дамыту.

## **6. Қызмет бағыттары**

8. Қоғамның осы Саясатты іске асыру жөніндегі қызметінің негізгі бағыттары:

- 1) жас жұмыскерлердің кәсіби дамуы;
- 2) мәдени даму;
- 3) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ, «KAZENERGY» ЗТБ және басқа да ұйымдардың аясында жас жұмыскерлер арасында ғылыми-техникалық конкурстар мен конференцияларға жас жұмыскерлердің қатысуын ұйымдастыру;
- 4) Қоғамдағы жас жұмыскерлерді ротациялау;
- 5) Қоғамда кәсіби және өзге де қызмет саласында жас жұмыскерлерге тренингтер өткізу;
- 6) жас жұмыскерлер арасында корпоративтік рухты дамыту (тимбилдингтер, мерекелік іс-шаралар, шығармашылық конкурстар, викториналар ұйымдастыру);
- 7) инновациялық-рационализаторлық бастамаларды қолдау;
- 8) спортты және салауатты өмір салтын насихаттау.

## **7. Саясатты іске асыру құралдары**

9. Осы Саясатты іске асыру мақсатында Қоғамда Жастар ісі жөніндегі кеңес құрылады, оның мақсаты бірыңғай жастар саясатын қалыптастыру және іске асыру болып табылады, оның құрамын Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) бекітеді. Қоғамның Жастар ісі жөніндегі кеңесі жас жұмыскерлер қатарынан Қоғамның орталық аппараты мен филиалдарының бір-бір өкілдерінен құрылады.

## **8. Күтілетін нәтижелер**

10. Осы Саясатты іске асырудың нәтижесі жас жұмыскерлердің кәсіби өсуі, олардың Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріне тартылу дәрежесінің ұлғаюы болады.